Атырау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне

Арыз-шағым

«Атырау облысы Білім беру басқармасы» мемлекеттік мекемесі (Тапсырыс беруші) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен 16.03.2018 жылы жариялаған хабарландыру нөмері №2435560-1 «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша 2018 жылы Атырау облысы білім берудің міндеттерін жүзеге асыру жөніндегі қызметтер» атты мемлекеттік сатып алудың ішіндегі №18046872-ГС31, №18047943-ГС31 лоттарына қатысты бағалауды қайта қарауыңызды сұраймын.

№18046872-ГС31 лоты бойынша

№18046872-ГС31 лоты бойынша 3 (үш) әлеуетті өнім беруші өтінімдерін ұсынды. Олар "Жас қоғам" ЖБДҚ" ЖҚ (БСН 111140010382), "Орталық Азиядағы Халықаралық әйелдер қауымдастығы" ҚБ (БСН 160540025450), "Атырау облысы "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы" ҚБ (БСН 120740005347). Лотқа қатысып отырған әлеуетті өнім берушілердің толық конкурстық құжаттарын салыстырмалы түрде қарап, келесіні хабарлаймын. Тапсырыс беруші тарапынан "Орталық Азиядағы Халықаралық әйелдер қауымдастығы" ҚБ-ның бағаланауын «дұрыс» деп бағалап, келісемін. Алайда, Тапсырыс берушінің "Жас қоғам" ЖБДҚ" ЖҚ-ы мен "Атырау облысы "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы" ҚБ-ны бағалағандағы «кейбір» бағалау критерийлерімен (салыстырмалы түрде) келіспеймін. Келіспеу себебін төмендегідей кестеде мәлімдеймін:

№	Бағалау критерийлері	"Атырау облысы "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы" ҚБ (Тапсырыс беруші қойған балл)	"Жас қоғам" ЖБДҚ" ЖҚ (Тапсырыс беруші қойған балл)	Келісу/ келіспеу себебі, сұраныс
1	Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуеттік өнім берушінің ұсынатын жобасының сәйкес келуі	2	1	Бұл жерде "Жас қоғам" ЖБДҚ" ЖҚ-ның "Атырау облысы "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы" ҚБ-нан айырмашылығы Тапсырыс беруші талап еткен барлық ақпаратты толық және үлкен көлемде ұсынған. Бұл орайда, Тапсырыс беруші жоғарыда айтылған мәселелерді ескере отыра, "Атырау облысы "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы" ҚБ-на неліктен «2» балл қойды, дұрыспа? Сонымен қатар, жоғарыда айтылған мәселелерді ескере отыра, "Жас қоғам" ЖБДҚ" ЖҚ-на «2» балл (әлеуетті өнім беруші ұсынатын жоба неғұрлым жоғары сипаттаманы қамтиды) қоюды сұраймын.
2	Тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметке әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының сәйкестігі (құрылтайшы	1	1	Тапсырыс берушінің бағалауы «дұрыс», келісемін, шағым жоқ.

	құжаттарға сәйкес)			
3	Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізу орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі)	6	3	"Атырау облысы "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы" ҚБ-ы жоспарында «жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі мен қосымша іс-шаралар» қоса жазылмаған. Ал, "Жас қоғам" ЖБДҚ" ЖҚ-ы жоспарында «жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі мен қосымша іс-шаралар» қоса жазылған болатын. Аталған критерий бойынша «жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі мен қосымша іс-шараларды» жазу, жоспарды бағалауға әсер етеді деп ойлаймын. Сондықтан, "Жас қоғам" ЖБДҚ" ЖҚ-ы жоспарында Тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізуі бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралары конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде қарастырылған барлық талаптарды қамтиды және қызмет көрсету сапасын жақсартатын қосымша іс-шараларды қарастырады, әрбір жоба тапсырмасында іс-шараның атауын және түрін, жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі, мерзімін және өткізу орнын сипаттады деп есептеймін. Бұл орайда, Тапсырыс беруші жоғарыда айтылған мәселелерді ескере отыра, "Атырау облысы "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы" ҚБ-на неліктен «6» балл қойды, дұрыспа? Сонымен қатар, жоғарыда айтылған мәселелерді ескере отыра,"Жас қоғам" ЖБДҚ" ЖҚ-на «6» балл қоюды сұраймын.
4	Әлеуетті өнім берушінің " Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер	2	2	Тапсырыс берушінің бағалауы «дұрыс», келісемін, шағым жоқ.
5	Әлеуетті өнім	6	6	"Жас қоғам" ЖБДҚ" ЖҚ-ның жұмыс тәжірибесі дұрыс бағаланды

	берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы (бір өлшемшарт ғана алынады)			деп есептеймін. Алайда, "Атырау облысы "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы" ҚБ-ы жұмыс тәжірибесін дәлелдейтін құжаттарына сәйкес, жұмыс тәжірибесі 5 (бес) жылды құрайды, яғни 2013-2017 жылдарын қоса алғанда. Бұл жерде "Атырау облысы "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы" ҚБ-на қойылған «6» балл, тек қана бес жылдан жоғары (яғни, алты жылдан бастап) тәжірибеге қойылуы тиіс деп ойлаймын. "Атырау облысы "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы" ҚБ-на қойылған баллды қайта қарауыңызды сұраймын.
6	Жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы	3	2	"Атырау облысы "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы" ҚБ-ы ұсынған индикаторларында сандық және сапалық индикаторлар толық жазылмаған, оған қоса салым, процесс, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелер көрсетілмеген. Ал, "Жас қоғам" ЖБДҚ" ЖҚ-ы барлық деңгейлердегі сандық және сапалық индикаторлардың болуын (салым, процесс, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелер) толық көрсеткен болатын. Бұл орайда, Тапсырыс беруші жоғарыда айтылған мәселелерді ескере отыра, "Атырау облысы "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы" ҚБ-на неліктен «3» балл қойды, дұрыспа? Сонымен қатар, жоғарыда айтылған мәселелерді ескере отыра, "Жас қоғам" ЖБДҚ" ЖҚ-на «3» балл қоюды сұраймын.

№18046872-ГСЗ1 лоты бойынша қорыта келгенде:

"Атырау облысы "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы" ҚБ-ның *Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуеттік өнім берушінің ұсынатын жобасының сәйкес келуі, Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі, Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы, Жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы* критерийлерін және де

"Жас қоғам" ЖБДҚ" ЖҚ-ның *Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуеттік өнім берушінің ұсынатын жобасының сәйкес келуі, Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі, Жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы* критерийлерін қайта қарау сұралады.

№18047943-ГСЗ1 лоты бойынша

№18047943-ГСЗ1 лоты бойынша 4 (төрт) әлеуетті өнім беруші өтінімдерін ұсынды. Олар "Жас қоғам" ЖБДҚ" ЖҚ (БСН 111140010382), "Орталық Азиядағы Халықаралық әйелдер қауымдастығы" ҚБ (БСН 160540025450), "Шаңырақ-2008" ҚБ (БСН 080540018669), "Номад" ҚБ (БСН 060840014831). Лотқа қатысып отырған әлеуетті өнім берушілердің толық конкурстық құжаттарын салыстырмалы түрде қарап, келесіні хабарлаймын. Тапсырыс беруші тарапынан "Орталық Азиядағы Халықаралық әйелдер қауымдастығы" ҚБ мен "Жас қоғам" ЖБДҚ" ЖҚ-ның бағаланауын «дұрыс» деп бағалап, келісемін. Алайда, Тапсырыс берушінің "Шаңырақ-2008" ҚБ мен "Номад" ҚБ-ны бағалағандағы «кейбір» бағалау критерийлерімен келіспеймін. Келіспеу себебін төмендегідей кестеде мәлімдеймін:

№	Бағалау критерийлері	"Шаңырақ-2008" ҚБ (Тапсырыс беруші қойған балл)	"Номад" ҚБ (Тапсырыс беруші қойған балл)	Келісу/ келіспеу себебі, ұсыныс
1	Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуеттік өнім берушінің ұсынатын жобасының сәйкес келуі	1	2	"Шаңырақ-2008" ҚБ мен "Номад" ҚБ-ы ұсынған жобалары тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына сәйкес келмейді. "Шаңырақ-2008" ҚБ мен "Номад" ҚБ-на «0» балл қойылуы керек деп ойлаймын.
2	Тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметке әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының сәйкестігі (құрылтайшы құжаттарға сәйкес)	1	1	"Шаңырақ-2008" ҚБ мен "Номад" ҚБ-ының қызмет мақсаты Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне сәйкес келмейді. "Шаңырақ-2008" ҚБ мен "Номад" ҚБ-на «0» балл қойылуы керек деп ойлаймын.
3	Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі (іс-шаралар	6	6	"Шаңырақ-2008" ҚБ мен "Номад" ҚБ-ы ұсынған жоспарлары тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізуі бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде қарастырылған барлық талаптарды қамтымайды. "Шаңырақ-2008" ҚБ мен "Номад" ҚБ-на «0» балл қойылуы керек деп ойлаймын.

	атауы және үлгісі, өткізу орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі)			
4	Әлеуетті өнім берушінің " Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер	2	2	Тапсырыс берушінің бағалауы «дұрыс», келісемін, шағым жоқ.
5	Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы (бір өлшемшарт ғана алынады)	6	4	Тапсырыс берушінің бағалауы «дұрыс», келісемін, шағым жоқ
6	Жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы	2	3	"Шаңырақ-2008" ҚБ мен "Номад" ҚБ-ының ұсынған индикаторларында техникалық ерекшеліктерінің талаптарына сай көрсетілетін индикаторлар жоқ. "Шаңырақ-2008" ҚБ мен "Номад" ҚБ-на «0» балл қойылуы керек деп ойлаймын.

№18047943-ГС31 лоты бойынша қорыта келгенде:

"Шаңырақ-2008" ҚБ мен "Номад" ҚБ-ының *Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуеттік өнім берушінің ұсынатын жобасының сәйкес келуі, Тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметке әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының сәйкестігі, Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі, Жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы* критерийлерін қайта қарау сұралады.

"Жас қоғам" ЖБДҚ" ЖҚ төрағасы **Р.Ахашев**